

Қаражал қаласы және Жәйрем кенті бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 150 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаражал қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Жәйрем кенті бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға және сұрыптауға арналған тарифтер осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қаражал қалалық мәслихатының "Қаражал қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №102 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №191986 нөмірімен тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

З.Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының
2024 жылғы 28 наурыздағы
№ 150 шешіміне
1-қосымша

Қаражал қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығымен)
	1 тұрғын,	

Жайлы және жайлы емес үйлер	айына	380,00
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне), жылдық тариф	1 м ³	2425,55

Қаражал қалалық мәслихатының
2024 жылғы 28 наурыздағы
№ 150 шешіміне
2-қосымша

Жәйрем кенті бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға және сұрыптауға арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығымен)
Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын, айына	212,46
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне), жылдық тариф	1 м ³	2258,01

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК